

Әдебиеттер

1. Конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия // whc.unesco.org [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://whc.unesco.org/archive/convention-ru.pdf>
2. Қазақстанның «Мәдени мұрасы» Мемлекеттік бағдарламасы // madenimura.kz [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/programs-madenimura/>
3. Қасеналин А., Есенов С. Тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу мен қалпына келтіру // Мәдени мұра. №4 (67) шілде-тамыз. 2016 ж. – 61 бет.
4. Тасмағамбетов И. Провел выездное совещание по вопросу сохранности средневекового городища «Талхиз» // primeminister.kz [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://primeminister.kz/ru/news/kultura_i_sport/itasmagambetov-provel-viezdnoe-soveshchanie-po-voprosu-sohrannosti-srednevekovogo-gorodishcha-talhiz-13577
5. What is GIS – Definition? // grindgis.com [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://grindgis.com/what-is-gis/what-is-gis-definition>
6. Рысбеков Қ. Б., Солтабаева С.Т. Геоақпараттық жүйе негіздері. Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 166 бет.
7. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область. – Алматы: Аруна, 2009. – 568 с.
8. Об утверждении Государственного списка памятников истории и культуры местного значения Постановлением акимата Акмолинской области от 1 июня 2010 года № А-5/197. // adilet.zan.kz [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V10B0003364>

XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЕТЕЛДІК САЯСИ ОЙ-ПІКІРЛЕР: НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮСІНІКТЕРІ

Аңдатпа. Саясат рөлінің артуы, оның экономикаға, идеологияға, мәдениетке ықпалы XX ғасырға тән құбылыс болып табылады. Сондықтан, саясаттану әлеуметтік білімнің жеке саласы ретінде өткен ғасырда қалыптасты. Саяси ғылымдардың қалыптасуына көптеген жағдайлар ықпал етті. Шындығында, бұл жағдайды индустриалды қоғамның дамуы, қоғамдық өмірді демократияландырудың, қоғамдық құрылымдардағы өзгерістер, халықтың саяси белсенділігінің күшеюімен түсіндіруімізге болады.

Мақалада XX ғасырдағы шетелдік саяси ой-пікірлер қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – заманауи саясаттанудың негіздері, оның бағыттары мен үрдістерін айқындау, саяси ғылымдардағы зерттеулерді құрайтын көптеген қызықты, дәлелді, шынайы нәтижелердің теориялық және әдістемелік негіздерінің әзірлемелерін қалыптастырған XX ғасырдың танымал мамандарының теорияларымен танысу.

Зерттеу нысаны - XX ғасырдағы шетелдік саяси ой-пікірлер болып табылады. Зерттеу пәніне XX ғасырдағы саяси ғылымдардың дамуы және негізгі бағыттары жатады.

Тірек сөздер: саяси ой-пікірлер, заманауи саяси ғылымдардың қалыптасу кезеңдері, негізгі саяси теориялар, негізгі саяси тұжырымдамалар, XX ғасырдағы саяси ой-пікірлердің өкілдері.

Аннотация. Возрастание роли политики, ее влияние на экономику, идеологию, культуру - характерное явление XX века. Поэтому политология как самостоятельная область социального знания сложилась в XX веке. Формирование политической науки определялось рядом факторов. Объективно это объясняется развитием индустриального общества, демократизацией общественной жизни, осложнения общественных структур, усилением политической активности народа.

В статье рассматривается зарубежная политическая мысль XX века. Цель исследования -

выяснить основы современной политологии, основные ее направления и тенденции, ознакомиться с теориями выдающихся специалистов XX века разработки которых составляют теоретические и методологические основы многих интересных, аргументированных, адекватных реальности исследований в области политической науки.

Объектом исследования является зарубежная политическая мысль XX века. Предметом исследования выступают развитие и основные направления политической науки XX века.

Ключевые слова: политическая мысль, этапы становления современной политической науки, основные политические теории, основные политические концепции, представители политической мысли XX века.

Abstract. The increasing role of policy and its impact on the economy, ideology and culture - a characteristic phenomenon of the XX century. Therefore, political science as an independent field of social knowledge developed in the XX century. Formation of political science was determined by several factors. Objectively, this is due to the development of industrial society, the democratization of public life, complications of social structures, increased political activity of the people.

The article deals with foreign political thought in the twentieth century. The purpose of the study - to figure out the basics of modern political science, its main directions and trends, get acquainted with the theories of eminent specialists of the XX century, the development of which constitute the theoretical and methodological foundations of many interesting, reasoned, adequate reality in the field of political science research.

The object of study is a foreign political thought of the twentieth century. The subject of research are the development and main areas of political science of the twentieth century.

Keywords: political thought, stages of formation of modern political science, the main political theories, the basic political concepts, the representatives of the political thought of the twentieth century.

Jel codes: A3, B2, B3, D72, P48.

**НАСИМОВ
МҰРАТ ӨРЛЕНБАЙҰЛЫ**

саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ректор міндетін атқарушы, «Болашақ» университеті (Қызылорда)

Адамзат тарихындағы прогресс – ғылымның дамуымен өлшенетіні белгілі. Ғылымның дамуындағы негізгі сипаттамалар мен заңдылықтар әлеуметтік-мәдени контексте қарастырылып, ғылымның мақсаты, алынған нәтижелерінің маңыздылығы анықталады. Қоғам және оның мәдени жағдайы ғылыми-зерттеушілік процестерге бағынышты. Дарындылар шығармашылығы әлемдік мәдениеттің дамуы, жетістіктер шыңының әрбір тарихи прогресінің өлшемі болып табылады. Осы шығармашылықта барлық құнды және маңызды, адамзаттың ғылымдағы, өнердегі, тәжірибелік қызметтегі жетістіктері көрініс табады. Олардың идеялары, өнер туындылары, азаматтардың ұмтылыстарын білу арқылы, біз олардың сол дәуірдегі дүниетанымын танимыз. Өз дәуірінің танымал тұлғалары қалыптастырған шығармашылық еңбектері өзі өмір сүрген кезеңнің бейнесін береді. Ал, ғылым – жаңа

идеяларды алға жылжытушы ғалымдар қызметінің нәтижесі болып табылады. Олардың мақсаты біреу ғана, ол – ғылыми жаңалық ашу. Олар қоғамға қажетті ерекше өнім, яғни, жаңа ғылыми білімдер қалыптастырады.

Саясат адамның ерекше қызметі ретінде ерте кезден ғылыми зерттеулердің пәніне айналды. Алғашында саясат туралы ілім философияның құрамдас бөлігі болып табылды. Әлемдік саяси ойлар тарихын зерттеу ағымдағы саяси өмірді толық тану қажеттілігімен қатар, келешекті болжау үшін де қажет. Өйткені, өткенді білу болашақтағы ықтимал қателіктер мен жаңсақтықтарды қайталамауға мүмкіндік береді.

Заманауи саяси тұжырымдардың идеялық негіздерін қалыптастыруда XX ғасырдағы шетелдік ғалымдардың әлеуметтік-саяси көзқарастары және тұжырымдамаларының рөлі мен орны ерекше.

Өз заманында қалыптасқан теориялар оны құрушы ғалымның көзқарастарымен қатар, өз дәуіріндегі әлеуметтік топтар мүдделері мен әлеуметтік-саяси шындықпен ұштасады.

Сондықтан зерттеудің негізгі мақсаты заманауи саясаттанудың негіздері, оның бағыттары мен үрдістерін айқындау арқылы саяси ғылымдардағы зерттеулерді құрайтын көптеген қызықты, дәлелді, шынайы нәтижелердің теориялық және әдістемелік негіздерінің әзірлемелерін қалыптастырған XX ғасырдың танымал мамандарының теорияларымен танысып, жаңғыртылған көзқарастарды қалыптастыру болып табылады. Алынған ғылыми нәтижелерді оқу үрдісіне енгізумен қатар, жаңа ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тың идеялар туғызуға септігін тигізу – басты міндетіміз. Әсіресе, қалыптасып үлгерген шетелдік саясаттану мектебінің жетістіктерін толықтай қарастыру жаңа зерттеулерді қажет ететіндігін мойындауымыз қажет. Материалдарды оқу үрдісінде кеңінен пайдалану білімгерлердің кезекті ізденістеріне әкелетіндігіне толықтай сенімдіміз.

Заманауи саяси ғылымдар өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті: *бірінші кезең* – заманауи саяси ғылымдардың қалыптасуы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың 40-жылдарының аяғы); *екінші кезең* – саясаттанулық зерттеулер саласының белсенді түрде дамуы (40-жылдардың соңы – 70-жылдардың екінші жартысы); *үшінші кезең* – саяси ғылымдардың дамуындағы жаңа парадигмалар ізденісі (70-жылдардың ортасы – бүгінгі күнге дейін).

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректері XX ғасырдағы шетелдік саяси ғылымдар өкілдерінің теориялық-тәжірибелік еңбектері арқылы жүргізілді.

Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу шетелдік және ресейлік ғалымдар зерттеулерлері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-

құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері арқау болды.

Талқылау және нәтижелер. Заманауи саяси ғылымдар дамуының бірінші кезеңі саяси билік мәселелері және оның әлеуметтік негіздерін зерттеумен ерекшеленеді: *мүдделі топтар теориясы* (А. Бентли); *элиталар теориясы* (Г. Моска, В. Парето); *мемлекеттің әлеуметтанулық теориясы* (Л. Гумплович, М. Вебер); *билікті олигархияландыру теориясы* (Р. Михельс); *биліктің психологиялық теориясы* (Г. Лассуэл).

АҚШ-та прагматизм мемлекеттік философияға айналғанда, көптеген ойшылдар адамдар тобы туралы сипаттама беруге тырысты. Американдық әлеуметтанушы Артур Бентли (1870-1957) *мүдделі топтар теориясының* негізін алғаш рет қалады. Оның негізгі ғылыми еңбектері: «Мемлекеттік басқару үрдісі. Қоғамдық қысымды зерттеу» (1908 ж.) [1]; «Адам мен қоғамның салыстырмалы релятивтілігі» (1926 ж.) [2]; «Тәлім. Білім. Дерек» (1935 ж.) [3]. А. Бентли бихевиористік әдістің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Оның пікірінше, ресми институттарды зерделеу барысында бейресми тұстарын да естен шығармау қажет. Бентли теориясы мен әдісінің негізінде мемлекеттік басқару үрдісіндегі адам қызметі, олардың мүддесі және оны жүзеге асырудың бағыттары жатыр.

Элиталар теориясы бұл – халық мемлекетті басқара алмайды және бұл қызметті қоғамның элитасы өз мойнына алады деген тұжырымдама. Элита туралы көптеген пікірлерге сәйкес, элитаның шынайылығын біреулер ақсүйек тегімен байланыстырса, өзгелері аса бай адамдар болуы керек, үшіншілері ерекше дарынды болуы деп есептейді.

Н. Макивелли өз еңбектерінде элита түсінігін қарастыра келе, саяси қатынастардың серпінді дамуына ерекше назар аударады. Ол мемлекетті түрлі әлеуметтік күштер өзара қимылдарының нәтижесі ретінде қарастырады. Кейін ол тарихи үрдістер барысында мемлекеттік басқару жолындағы

адамдардың субъективті қалауы мен көрінісімен емес, объективті тарихи заңдылықтар ықпалымен жүзеге асырылатындығын түсіндірді.

Итальяндық заңгер әрі әлеуметтанушы **Гаэтано Моска** (1858-1941) саяси үстемдікті ұйымдастырушылық әдіс негізінде талдады. Оның пайымдауынша, келісілген және біркелкі қимылдаған адамдар келісімі жоқ мың адамды жеңеді. Саяси топқа қосылу үшін ерекше сапалық белгілері мен қабілеттілігі болуы қажет екендігін айтады. Мәселен, алғашқы қауымдық құрылыста әскери қайрат пен батырлық бағаланса, кейін оны ақша мен байлық ауыстырды. Бірақ, элитаға сұрыптаудың маңызды өлшемі ретінде басқару қабілеттілігі, халықтың сана сезімі мен ұлттық мінезін білуі саналады. Ол элитаны жаңғыртудың мынадай тәсілдерін атап көрсетеді: мұрагерлік, сайлау немесе кооптация. Г. Моска басқарушы тап дамуының екі үрдісін атап көрсетеді: тап өз қызметтері мен артықшылықтарын мұрагерлік жолмен қалдыруға ұмтылысы; жаңа күштердің ескі күштерді ауыстыруға ұмтылысы. Егер біріншісінде аристократиялық үрдіс үстемдік етсе, басқарушы тап жабық қоғамға айналып, қоғамның тоқырауы орын алады. Саяси билікті беру қағидасына сәйкес, ол басқарудың автократиялық және либералды түрлерін бөліп көрсетті. Біріншісінде билік үрдісіндегі әрекет жоғарыдан төмен болса, екіншісінде төменнен жоғары жүреді.

Итальяндық инженер, экономист, әлеуметтанушы **Вильфредо Парето** (1848-1923) элиталар теориясының қалыптасуы және негіздеу мәселелерінде басқа көзқараста болды. Ол өз еңбектерінде демократиялық режимдерге сенімсіздікпен қарап, оларды плутodemократиялық немесе демагогиялық плутократия деп атады. Оның пайымдауынша, саяси өмірдің әмбебап заңы бойынша азшылық (элита) әрдайым бұқараны алдайды. Элиталар айналымындағы өзгерістерге сәйкес, ол тарихты «аристократия зираты» деп атады. Себебі, билік үшін күресетін және келетін артықшылығы бар азшылық осы билікті

пайдаланады, құлдырауға ұшыратып, өзге азшылықтармен ауыстырылады. Элиталарға құлдырау тән, ал өз кезегінде элита еместер элиталық сипаттағы лайықты мұрагерлер жасауға мүмкіндігі мол. Өйткені, элиталар балалары ата-аналарының танымал сапалық белгілерін иелене алмайды. Элиталарды үнемі ауыстыру қажеттілігі бұрынғы элиталардың қуаты мен қажырлылығының азаюымен байланыстырылады.

Элиталардың рөлін негіздеу барысында ол қоғамның әлеуметтік тепе-теңдікке ұмтылысы бөлшектерден тұратын көптеген күштердің өзара қимылдары арқылы қамтамасыз етілетіндігін айтады. Ол төрт маңызды элементтерді бөліп көрсетеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік және интеллектуалды. В. Парето саясатты психологияның қызметі ретінде қарастырып, адам әрекеттерін ынталандыруға ерекше мән берді. Қоғам мен саясатты талдауда психологиялық әдісті қолдану арқылы индивидтердің психологиялық теңсіздігінің әлеуметтік институттардағы сан алуандылығын баяндайды. Оның пікірінше: «Адамзат қоғамы біртекті емес және индивидтер зияткерлік, физикалық және адамгершілік жағынан ажыратылады».

Элиталар екіге бөлінеді: басқарушы және бағынушы. Біріншісі тікелей басқаруға қатысады; екіншісі биліктік шешімдерді қабылдаудан алшағырақ. Оның көзқарасынша, сезім әрекеттері сәтті болған сайын үкімет саясаты тиімді жүреді.

Неміс әлеуметтанушысы **Роберт Михельс** (1876-1936) те қоғамды селқос көпшілік және басқарушы азшылық деп бөледі. Демократияның мүмкін еместігін ол үш үрдіспен дәйектейді: адам мәнінің қалыптасуы; саяси күрестің ерекшеліктері; ұйым дамуының өзгешеліктері. Демократияның олигархияға ұласуын ішінара бұқараның психологиясымен түсіндіреді. Р. Михельс бұқара түсінігін былайша пайымдайды: «бұқаралық тұрғындардың психикалық қасиеттерінің жиынтығы: саяси енжарлық, біліксіздік, басқарушылыққа мұқтаждық, көсемдерге ризашылық сезімі,

көсемдердің жеке басына табынуды жасау». Бұқара қоғам істерін басқара алмағандықтан басқарушылар және бағыныштылар топтарына бөлінетін ұйым құратындығын да дәйектеді. Ол Италиядағы, кейін Германиядағы фашизмді жақтаушылар қатарында болғанын айта кеткеніміз жөн.

Австриялық әлеуметтанушы және мемлекеттанушы **Людвиг Гумплович** (1838-1909) позитивизм әдістемесін қолдану арқылы әлеуметтанулық ұстанымда мемлекеттің пайда болуы, мәні, ұйымдастырылуы мен рөлі туралы мәселелерді қарастырады. Оның пікірінше, әлеуметтік өмір дамуының басты негізі тіршілік ету үшін күрес болып табылады. Түрлі адамзат топтары арасында үнемі күрес жүріп отырады. Әр топ өзге топты бағындыруға ұмтылады және үстемдік орнатқысы келеді. Түрлі әлеуметтік топтар арасындағы күрес нәсілдік айырмашылықтармен (нәсіл биологиялық тұрғыдан емес, әлеуметтік-мәдени түсінік ретінде қарастырылады), адамдардың өз материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысушылықпен түсіндіріледі. Ертеректегі дәуірлердегі қақтығыстар барысында жеңілген топтар жойылды, ал тірі қалғандары құлдарға айналды. Жеңіске жоғары зияткерлік қабілеті және жоғары әскери тәртіпке ие топ жетті. Жеңіске жеткен тайпаларды бағыныштылықта ұстап отыру үшін басып алушылар мемлекет құрады. Нәтижесінде мемлекет бір адамзат тобын (жеңілгендер) өзге топтардың (жеңіске жеткендер) бағыныштылықта ұстау нәтижесінде қалыптасады. Ойшыл мемлекеттің татулық, қарама-қайшы мүдделерді бітістіру органы ретінде қарастыруға қарсылық білдірді. Оның пайымдауынша, мемлекет мәжбүрлеу мен зорлық-зомбылық органы болып саналады. Ол мемлекет пен құқықтың дамуы мәселесін қоғамның кемелденуімен байланыстырып, екі кезеңге бөледі: тайпалар мемлекеті (физикалық зорлық-зомбылықтарға негізделеді); таптар мемлекеті (бір таптың өзге тапқа экономикалық үстемдігімен сипатталады).

Л. Гумпловичтің пікірінше, буржуазиялық мемлекет белсенді әлеуметтік саясат жүргізетін таптан тыс қоғамға алмасады. Заманауи мәдени мемлекетке либералды демократиялық тәртіп (парламентаризм және барлық әлеуметтік топтардың мемлекеттік істерді шешуге қатысуы); азаматтардың теңдігі мен заңдардың сақталуы; материалды және рухани салаларда жалпы халықтық ауқаттылық тән. Ол күш әрдайым құқықтың алдында екендігіне көз жеткізеді. Бір топтың өзге топқа зорлық-зомбылық жүргізу дерегі әдетке айналып, кейін салт-дәстүр мен құқыққа көшетіндігін баяндады.

Неміс әлеуметтанушысы, философ және тарихшы **Макс Вебер** (1864-1920) ізгілік, бейнелер мен үлгілер тұжырымдамасын әзірледі. Ол әлеуметтік әрекет теориясының да негізін қалаған болатын. Оның пікірінше, әлеуметтік әрекет субъективті мәнге ие қимыл болып саналады.

Күнделікті өмірде әрбір адам нақты әрекет ету барысында оның қимылына байланысты жауап берілгенін қалайды. Сондықтан әлеуметтік әрекетке мынадай белгілер тән: әрекет етуші тұлғаның субъективті мағынасының болуы; өзгенің жауаптылық белгілеріне қарай бағытталуы. Осы пікірлерге сәйкес, М. Вебер мынадай мысалдар келтіреді:

1. Егер көшеде жаңбыр жауған уақытта көптеген адамдар бір мезгілде қолшатырды пайдаланса, біреудің әрекеті өзгенің қимылына бағытталады, ал барлығының әрекеті жаңбырдан қорғану қажеттілігінен туындайды.

2. Көшеде абайсызда екі велосипедші соқтығысты. Мұндай әрекеттің әлеуметтік болуы біреуінің екіншісімен арнайы соғысып, жауап қимылды күтуімен байланыстырылады. Демек, бірінші мысалда екінші белгі, екінші мысалда екі белгісі де жоқ.

Белгіленген белгілерге сәйкес М. Вебер әлеуметтік әрекеттердің келесі түрлерін атап көрсетеді: *дәстүрлі әлеуметтік әрекет* - адамдардың бекітілген дағдысы, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерге негізделеді; *толқулы әлеуметтік әрекет* - ішкі толғаныстарға негізделеді және көп жағдайда назар

аударылмайды; *құндылықты-рационалды әлеуметтік әрекет* - арман-мұраттарға, құндылықтарға, өсиеттерге, қарыздарға, сенімге негізделеді; *мақсатты рационалды әлеуметтік әрекет* – мақсат ұмтылыс, құралдарды таңдау, қызмет нәтижелерін назарға алуға сүйенеді.

Жоғарыда аталып өткен элитологияның негізін қалаушылардың бірі **Р. Михельс** ірі әлеуметтік құрылымдар *олигархияландырудан* құтыла алмайтындығын дәйектеді. Олигархияландыру заңы үстемдік етуші бір топтың өзгемен ауыстырылуын көздейді. Оның пайымдауынша: «Социалистер жеңуі мүмкін, бірақ жақтастарының жеңісі сәтіндегі социализм емес. Бұқара өз күштерін аямай қанағаттану арқылы өз басшыларын ауыстырады [4].

Таптық күрес жалпы қоғамда және жекелеген партияларда орын алуы мүмкін. Әрбір партияның олигархияландыру үрдісіне бейімделуден құтыла алмайтын өз басқарушы тобы бар. Мысал ретінде Р. Михельс француз жұмысшыларының мәтелін келтіреді: «Егер таңдалсаң, демек, құрдымға кеттің». Партия өрпекті және ұлғайған сайын олигархиялану үрдісі күшейе түседі.

Оның пікірінше: «Өзгермейтін әлеуметтік заңдылық бойынша еңбек бөлінісі ықпалымен пайда болатын кез келген органда жеке мүдделер шоғырланады. Бірақ, ортақ одақта жеке мүдденің болуы жалпы мүдде қатынастары бойынша алауыздық пен қарама-қайшылық тудырады. Сонымен бірге, түрлі қоғамдық қызметтер атқаратын әлеуметтік таптар бірігіп, олардың мүдделерін көздейтін органдар құрады» [4, 191-192 бб.]. Р. Михельс мынадай жалпы қорытынды жасайды: «Демократия тирания, өзге де психологиялық және тарихи себептермен үйлеседі: бағынышты әрбір индивид өктемдікке жақындау мүмкіндігін иеленген сайын бұқара үстемдікті жеңіл қабылдайды» [4, 196 бб.].

Биліктің психологиялық теориясының негізі психологияның бағыты болып табылатын бихевиоризмде жатыр. Бұл бағытқа саясаттанушылар қызығушылығының туындауының басты себебі – бихевиористер

адам мінез-құлқын басқару мүмкіндігіне ие. Теорияның негізін американдық бихевиоризм өкілі **Гарольд Дуайт Лассуэл** (1902-1978) қалады. Берілген теория негіздеріне сәйкес биліктің маңызды белгілерін саяси жарнама жолымен қоғамдық пікір қалыптастыру, ақпаратты арнайы ұсыну және оны бағытталған түсіндірмелер арқылы жұртшылыққа жеткізу, сауалнамалар мен саяси рейтингтер арқылы байланыс орнату құрайды. Сондықтан әлеуметтану мен саясаттану әдістері тұрғындар санасын манипуляциялау мақсатында қолданылады. Бұл тұста саясат пен саясаттану арасындағы айырмашылықтарды да байқауымызға болады. Мәселен, саяси ғылымдар кез келген көзқарасты қабылдауға мәжбүрлемей, адамдар пікірін айқындауға өз үлесін қосады.

Ақпараттық ықпалдың да бұл жағдайда маңыздылығы жоғары. Ақпараттық жағынан дамыған жүйе өз мақсаттарына қарай түрлене түседі. Қазіргі заманда кеңінен қолданылатын ақпараттық соғыс барысында тұрғындар санасына психологиялық жағынан ықпалы күштірек жүйе ғана қажетті нәтижеге жете алады.

Заманауи саяси ғылымдар дамуының екінші кезеңіне саяси өмір, демократия, мемлекеттің әлеуметтік саясатының либералдануы мәселелері тән: *демократияның жаңа теориясы* (Й. Шумпетер); *демократияның плюралистік теориясы* (Р. Даль); *партиципаторлық демократия теориясы* (К. Макферсон, Дж. Вольф, Б. Барбер).

Австриялық және американдық экономист, саясаттанушы, әлеуметтанушы **Йозеф Алоиз Шумпетер** (1883-1950) *демократияның жаңа теориясында* саяси үрдісті нарық тұрғысында қарастырады: сайлаушылар – талап етушілер, саясаткерлер – ұсыныс берушілер. Сайлаушылар қолдауын иелену үшін саясаткерлер олардың талаптарына кең ықыласпен қарауы керек. Сондықтан Шумпетер тұжырымдамасын нарықтық экономикаға ұқсас нарықтық демократия ретінде қарастырған жөн. Ол

саясатты экономиканың жалғасы және кескіні ретінде баға береді.

Демократияның жаңа теориясының **негізгі қағидалары**: жарыстық саясат – демократияның басқа тәртіп түрлерінен басты ерекшелігі; кез келген қауымдастықта саяси бастама белсенді азшылық меншігінде. Ұжым әрекеті элиталар сайлауына әкеледі; саяси ықпал – топ өз мүдделерін лидерлер арқылы білдіреді; демократия жеке бостандықтың жүзеге асуына кедергі келтірмейді. Мұнда ақпараттық бостандықтың ең жоғарғы деңгейі қалыптасады; азаматтардың үкіметті бақылауы саяси үрдістерді бағыттауды басқару мүмкіндігінен айыру құқығымен байланысты; халық еркі – жеке және топтық мүдделер жиынтығы, бірыңғай ықыласты басшылыққа алмау қажеттілігі.

Саяси айналымға 1915 жылы ағылшын әлеуметтанушысы Г. Ласк «плюрализм» түсінігін енгізгенімен, *демократияның плюралистік теориясы* өткен ғасырдың 60-70 жылдары ықпалды болды. Теорияның негізін қалаушылардың бірі американдық саясаттанушы **Роберт Алан Даль** (1915-2014) өзінің «Полиархия. Қатысу және оппозиция» [5] атты еңбегінде ізгі демократиялық тәртіптің белгілерін атап көрсетеді: жалпы сайлау құқығы; дауыс беру құқығы, ресми лауазым алуға тең құқық; әділетті сайлау; үкіметті, қоғамды, үстемдік етуші идеологияны сынға алуды қоса алғанда еркін ойларды қорғау; баламалы бұқаралық ақпарат құралдарының болуы; оппозициялық партияларды қоса алғанда тәуелсіз ұйымдар құру бостандығы; үкіметтің сайлаушылар алдындағы біршама жоғары жауапкершілігі.

Р. Даль шынайы саяси режим ретінде полиархияны (көптік, биліктің жан-жақтылығы) санайды. Оның пайымдауынша, полиархия – бұл азаматтардың саяси қатысуының жоғары деңгейі және түрлі топтар мен саяси лидерлердің сайлаушылар қолдауы күресінде дамыған саяси бәсекелестік маңызды орын алған саяси режим. Полиархияда азшылықтың басқаруы рұқсат етілгенімен, ол көпшілікпен бақылауға алынады.

Ол демократияның тарихы мен теориясын терең талдай отырып

полиархияның төмендегідей белгілерін айқындайды:

- 1) конституциямен кепілдендірілген билік органдарының сайланатындығы;
- 2) мәжбүрлеу тетіктері қолданылмайтын еркін және әділетті сайлауларды тұрақты және мерзімді түрде өткізу;
- 3) ересек тұрғындардың барлығы сайлау құқығын иеленген жалпы сайлау құқығы;
- 4) билік органдарына сайлану құқығы;
- 5) өз ойын білдіру бостандығы;
- 6) баламалы ақпарат алу;
- 7) ассоциациялардың дербестігі.

Партисипаторлық демократия теориясы (қатысу демократиясы) неолибералдар мен социал-демократтардың реформалық тұжырымдамаларына сүйенеді. Қоғамның либералды-демократиялық үлгісінің институттары мен құндылықтары бағытын ұстана отырып, қатысу демократиясы теориясының жақтастары плюралистік және элитарлы демократия теорияларына теріс көзқарасты ұстанады.

Олар либералды-демократия тұжырымдамаларында жазылған бостандық пен теңдікке шынайы жетуді көздейді. Бұқараның конструктивті қимылдарға қабілетсіздігін жоққа шығара отырып, қатысу демократиясының жақтастары саяси шешімдерді қабылдау үрдісіне азаматтар қатысуының тиімді жолдарын белсенді түрде іздейді. Төменгі тап өкілдерінің саяси белсенділігін ынталандыру үшін олардың білім деңгейі, саяси мәдениет негіздерін арттыруды ұсынады.

Партисипаторлық демократия теориясының жақтастарының түсінігінше көпшілік халықтың біліксіздігін жою арқылы ғана тираниялық басқаруды заңды жолымен таңдаудан арылуға болады. Бұл үшін бұқара халықты саяси үрдістен үзу міндетті емес. Тиранияның пайда болуын алдын алу үшін институционалды тосқауылдар жасау қажет. Бұл үшін қоғамды жоғары деңгейде ақпараттандыру, сайлау мен өкілді үкіметті демократиялық бақылау қажет.

Қатысу демократиясы тікелей және өкілдік демократияның аралас түрін қолдануды қолдайды. Мәселен, кіші топтар

арасында жалпы билікті орнатуға мүмкіндік болса, жоғары деңгейде жалпы ерікті жеткізуші өкілдер қызмет атқарады. Ұйым мүшелерінің мүдделерін жеткізуші жетекші қоғам мүшелері тарапынан қатаң бақылауға алынады.

Заманауи саяси ғылымдар дамуының үшінші кезеңінде мынадай теориялар мен тұжырымдамалар әзірленді және дамыды: *біртұтас әлемдік мемлекеттің футурологиялық тұжырымдамасы* (Г. Кларк, Л. Сон); *постиндустриалды қоғам тұжырымдамасы* (Д. Белл, Р. Арон, Дж. Гэлбрайт, З. Бжезинский); *ақпараттық қоғам тұжырымдамасы* (О. Тоффлер, Дж. Нейсбит, Е. Масуда); *ұлттық мүдде тұжырымдамасы* (Г. Моргентау); *элитарлы демократия теориясы; биліктің күштеу тұжырымдамасы*.

Әлемдік мемлекет идеясының тамыры тереңде жатыр. Эпиктеттің жазуы бойынша Сократ космополит (әлем азаматы) түсінігін қолданған: «Отан туралы сауал қойылғанда, адам Сократ сөздерімен жауап беруі тиіс: мен афиналық немесе коринфтық емеспін, мен космополитпін» («Беседы»). Ұғым Цицерон еңбектерінде де қолданылған. Кейбір зерттеушілердің дәйектеуінше, космополит идеясы софистер Антифонт пен Гиппий, ішінара Теофраст еңбектерінде кездеседі [6].

Заманауи қоғамда әлемдік мемлекет құру идеясы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін танымал бола бастады. Идеяны алғаш рет жаңа әлемдік соғыс қатерлерін жоюды көздеген гуманистік пацифистер қолдады. Идея бойынша ұлттық мемлекеттер бүкіл әлемдегі тәртіпті сақтайтын халықаралық қауымдастық көмегімен «әлемдік үкіметке» құзиреттілік беруі қажет. Әлемдік үкіметтің негізгі міндеті және басты идеясы планетадағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау болып табылады. Идеяны қолдау үшін көптеген ғалымдар тезистер арқылы төмендегідей дәйектер ұсынады:

1. Саяси сипат – ұлттар егемендігі жаппай қарулану мен халықаралық қақтығыстардың себебі болып табылады (Г. Кларк, Л. Сон, Н. Казинс).

2. Әлеуметтік-психологиялық сипат – адамдардың өз ұлтына берілгендік өзге халықтарға жаугершілік қатынасты ұстануға себепші болады (Ч. Осгуд, Р. Уайт).

3. Әлеуметтанулық сипат – біртұтас индустриалды қоғам тұжырымдамасы мемлекеттер ұмтылысы ерекшеліктерін жоюға әкеледі (Р. Энджелл, А. Этциони).

Осы дәлелдемелермен қатар, әлемдік мемлекет идеясын негіздейтін екі философиялық әдіс бар. Мәніне қарай бұл әдістер бір-біріне қарама-қайшы бағыт ұстанады. Бірінші нұсқада адам мінез-құлқы білім мен парасатты басшылыққа алатын аса рационалды жаратылыс ретінде қарастырылады. Түрлі деңгейдегі қақтығыстар білімдегі олқылықтар мен оқиғалар мәнісін түсінбеушілік нәтижесінде туындайды. Екінші нұсқада адам иррационалды бастаулардың бастамашысы есебінде ұсынылып, сәйкесінше басқыншылық адам табиғатына тән құбылыс екендігі дәйектеледі. Сондықтан адамзат қоғамындағы қақтығыстардан құтылу мүмкін емес, мәселеден шығу үшін оны бақылауға алу қажет [7].

Постиндустриалды-посткапиталистік қоғам тұжырымдамасы алғаш рет ағылшын-герман философы, әлеуметтанушы, саясаттанушы әрі қоғам қайраткері Ральф Дарендорф (1929-2009) еңбектерінде пайда болып, жаңа сала – ақпараттық экономика дүниеге келді. Ақпараттық экономика саласының жылдам дамуы оның бизнес саласын бақылауды негіздеді. 1973 жылы американдық әлеуметтанушы және публицист Дэниел Беллдің (1919-2011) жарыққа шығарған «Келешектегі постиндустриалды қоғам» [8] атты еңбегі берілген тақырыпқа қызығушылықты туындатты. Д. Белл бойынша постиндустриалды қоғам экономикадағы өндіріс басымдығынан бөлек, қызмет көрсету, зерттеулер жүргізу, білім беру жүйесі мен өмір сапасын жоғарылата түсуді көздеді. Бұл қоғамда техникалық маманданған қызметкерлер кәсіби топтардың негізіне айналып, жаңа енгізулер теориялық білім жетістіктерінің негізі болып саналды. Қоғам жаңа таптың қалыптасуын қалап, саяси

деңгейдегі өкілдері кеңесшілер, сарапшылар, технократтар болуын ескерді.

Постиндустриализм идеясы экономикалық, философиялық және әлеуметтанулық еңбектерде кеңінен қолданыла бастады. Кейбір зерттеушілер өз әдістерінде постиндустриалды капитализм, постиндустриалды социализм, экологиялық постиндустриализм түсініктерін нақтылай түсті. Бұл қоғамда материалдық өндіріс рөлінің төмендеуі және қызмет көрсету мен ақпараттың басқа сипатта дамуы, ресурстарды пайдаланудың басқа қырлары мен әлеуметтік құрылымдардағы өзгерістердің орын алуы байқалады. Қоғам жақтастары марксизм өкілдері секілді қоғамдық құбылыстарды материалистік әдістер негізінде зерттеуге мән береді.

Ақпараттық қоғам терминін алғаш рет американдық әрі австриялық экономист **Фриц Махлуп** (1902-1983) өзінің «Құрама Штаттардағы өндіріс пен білімнің таралуы» [9] атты еңбегі арқылы енгізді. Ақпараттық қоғам тұжырымдамасы постиндустриалды қоғам идеясына қарағанда өндірістік тұрғыдан қарастырылады. Тұжырымдаманың әмбебаптылығы ретінде оның әлеуметтік-мәдени өзгерістер кешенін тереңінен сипаттап, әлеуметтік дамуды индустриалданған қоғамға дейінгі кезеңнен бастап негіздеуімен ерекшеленеді. Тұжырымдамада ақпараттық технологиялар дамуының дәрежесіне мән беріліп, қоғамдық дамудың басты түрткісі ретінде өндіріс пен ғылыми-техникалық ақпарат нәтижелерін пайдалану саналады.

Жапон ғалымы **Ёнедзи Масуда** (1905-1995) «Ақпараттық қоғам постиндустриалды қоғам ретінде» (1980) [10] атты еңбегінде тұжырымдама бойынша жаңа ойларды қалыптастырды. Ол ақпаратты әлеуметтік-мәдени өмір салаларының барлық бағыттарындағы өзгермелі экономикалық және қоғамдық игілік ретінде қарастырады. Автордың пайымдауынша, жаңа қоғам қалыптасады және тұлға дамуының барлық қырлары – білім, кәсіби өсу, экономикалық қызмет, саяси белсенділікті жүзеге асыру,

демалыс салалары ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Американдық публицист және әлеуметтанушы **Элвин Тоффлер** (1928-2016) «Болашақ шоғы» (1972) [11], «Экспазм туралы баяндама» (1975) [12], «Үшінші толқын» (1980) [13] атты еңбектерінде қоғамның экономикалық және саяси ерекшеліктерімен қатар, мәдениетін де саралайды. Ақпараттық қоғамдағы мәдениеттің ерекше белгілері ретінде қарастырады: инноватиканың жоғары деңгейі; саяси және экономикалық өмірдің ескі құндылықтарға сәйкес келмеуі; адамның құндылықтар мен бағытталу жүйесі еңбек пен тұлғааралық қатынастар сипатын өзгертіп, психологиялық, әлеуметтік және этикалық мақсаттарға мән береді; мәдениет пен адамға ықпал жасайтын ақпараттың молдығы; домоцентризм (электронды коттедж) өмірдің негізгі бағыты ретінде; дербестендіру – мәдениет пен қоғамның әрбір адамға бағытталуы.

Мемлекеттердің сыртқы саясаты әр кезеңдерде әр түрлі айқындалып, бүгінде *ұлттық мүдде* ұғымымен байланыстырылады. Түсінік 1935 жылы әлеуметтік ғылымдар бойынша Оксфорд энциклопедиясы арқылы ғылыми айналымға енді. Ұлттық мүдде – абстрактылы әрі субъективті категория. Оның өлшемдері берілген қоғам мен мемлекетте үстемдік ететін дүние көрінісі мен жүйелер құндылығымен белгіленеді. Берілген мәселеге қызығушылық екінші дүниежүзілік соғыстан кейін артты.

Тұжырымдама бойынша орын алған таластарды американдық саясаттанушы **Ганс Моргентау** (1904-1980) «жаңа ұлы пікірталастар» деп атап өтті. Ол 1948 жылы жарық көрген «Ұлттық мүддені қорғау» [14] атты еңбегінде тұжырымдаманы толығырақ дәйектеді. Саясаттанушы ұлттық мүддені былайша бөлді:

өзгермейтін, іргелі мүдделер – сыртқы қатерлерден аймақ, тұрғындар мен жергілікті институттарды қорғау; сыртқы сауда мен инвестициялар өсімін дамыту, шет елдердегі жеке капиталдар мүдделерін қорғау;

одақтастармен қатынастар және сыртқы бағытты таңдау;

уақытша, аралық мүдделер – күнкөріс мүдделері (мемлекеттің ешбіреудің қатысынсыз күн көру қатері); өзекті мүдделер (өркениеттің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатаң залалға ұшырату мүмкіндігі); түбегейлі мүдделер (мемлекет үшін қатаң залал); перифериялық кіші мүдделер (жергілікті мүдделер).

Элитарлық демократия теориясы (С. Келлер, О. Штаммер, Д. Рисмен) элиталар теориясы және плюралистік демократия теориясы бөлшектерінің бірігуі негізінде пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін элитаризмды насихаттаудың орталығы Еуропа болса, АҚШ зерттеулерден алшағырақ болды. Өйткені Г. Моска, В. Парето, Р. Михельс еңбектері өткен ғасырдың 30-жылдары аударыла бастады. Соғыстан соң бұл орталық АҚШ-қа ауысты. Бірнеше элитарлық мектептер құрылды. Элиталардың американдық және батыс еуропалық теорияларын салыстырсақ, біріншісі эмпирикалық деңгейінің жоғарылығына байланысты элита билік құрылымы және әлеуметтік-саяси ықпалдар көзқарасында түсіндіріледі. Екіншісіне элитаны құндылық негіздері бойынша түсіндіру тән.

Элиталар теориясына сәйкес әрбір қоғам элиталар табиғатының айырмашылықтарына байланысты бір-біріне ұқсамайды. Көпшілікті элиталар тарапынан басқарудың екі тәсілі мен құралдары бар: күш және қулық. В. Парето зорлық-зомбылықты қалайтын элитаны арыстандар, ал қулыққа ұмтылатындарды түлкілер элитасы деп атады. Ол қоғам тарихын элиталар айналымы ретінде сипаттады. Бұл идеяны Р. Михельс өзінің «Заманауи демократиядағы партиялық ұйымдардың әлеуметтануы» [15] атты еңбегінде қолдау білдірді. Ол элиталар ауысуын олигархия заңымен жүріп жатқандығын, барлық партиялар мен құрылымдарда демократия олигархияға әкелетіндігін дәйектеді. Шынында да, демократия партиялық элитаның айналымы алаңына айналды. Сондықтан, Р. Михельс

бірінші міндет ретінде лайықты партиялық элитаны қалыптастыруды санады.

Биліктің құралдық-күштеу тұжырымдамасы ағылшын-американдық мектепке тән. Мұнда билік жүзеге асыру құралдарымен ұқсастырылады. Бұл дәстүрдің қайнаркөзі билікті мәжбүрлеу құралдары мен күштеу ықпалын пайдаланатындығын дәлелдеген Т. Гоббс саяси философиясынан шығарды. Американдық саясаттану теоретиктерінің бірі Ч. Мерриам билікті күштеу мәнін ашумен айқындады.

Сонымен қатар, заманауи шетелдік саясаттануда *үш негізгі мектептер* ерекшеленеді.

Ағылшын-американдық саясаттану мектебі. Заманауи шетелдік саяси ғылымдарда американдық саясаттану жетекші рөл атқарады. Американдық саясаттану мектебінің қалыптасуына Платон мен Аристотель саяси идеялары және Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье классикалық конституционализмнен туындаған дәстүрлі әдістер мен тұжырымдамалар ерекше ықпал жасады. Американдық саясаттанулық мектептің төмендегідей бағыттары қалыптасқан:

саяси ғылымдардың теориялық мәселелері (Р. Даль, Д. Истон және т.б.). Негізгі назар саяси тұрақтылық пен жаңғырту мәселелеріне, саяси жүйелер мен режимдердің қызметіне аударылады.

Салыстырмалы саясаттанулық зерттеулер (Г. Алмонд, С. Верба, С. Липсет). Негізгі назар бірнеше мемлекеттерде бір мезгілде біртұтас бағдарламалармен өткізілетін эмпирикалық зерттеулерге аударылады. Мұндай зерттеулердің мақсаты – экономика, саясат және тұрақтылық арасындағы бағыныштылықты, саяси мәдениеттің ерекше белгілері мен түрлі елдер халықтары мен мәдениеттерінің либерализм құндылықтары түсініктерін зерттеу.

Халықаралық мәселелер, өркениеттің дамуы мен жаһандық өзара тәуелділік саласындағы зерттеулер (З. Бжезинский, С. Хантингтон және т.б.). Бұл бағыттағы ғалымдар Батыс пен Шығыс арасындағы

қатынастар, саяси қақтығыстар себептері мен посттоталитарлық дамудың мәселелерін қарастырады.

Қоғамдық пікір қозғалысын зерттеу. Басты назар сайлаушылардың дауыс беру барысындағы ілтипаты, саясаткерлер, саяси институттар мен саяси шешімдер имиджін қалыптастыруға, зерттеулер жүргізуге қажетті әдістер мен құралдарды әзірлеуге аударылады.

Саяси билік мәселелерін зерттеу. Саяси биліктің конституциялық негіздері мен қағидаларын айқындау. Қоғамдық пікір қызметінің тетіктері мен саяси партиялар қызметін анықтау.

Саясаттанудың американдық мектебі ағылшын саяси ғылымдарына елеулі ықпал жасады. Заманауи үлгідегі ағылшын саясаттануы гуманитарлық ғылымдардың жаңа саласын құрып, саяси зерттеулерде экономикалық, әлеуметтанулық, әлеуметтік-психологиялық бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте, ағылшын саяси жүйесі, сайлау институты, түрлі ресми және бейресми топтар тарапынан үкімет пен парламентке саяси қысым жасау тетіктері, сайлаушылардың саяси мінез-құлық психологиясына мән беріледі. Заманауи ағылшын саяси ғылымдарының негізгі мәселелеріне айналды: қақтығыс теориясы; келісім теориясы; плюралистік демократия теориясы.

Ағылшын саяси ғылымдарының да қайнар көзі XIX ғасырларда жатыр. Соғыстан кейінгі кезеңдерде мектеп өкілдері мінез-құлықты зерттеуге мән беріп, бір-бірімен бәсекелес екі бағыт қалыптасты:

Экономикалық – саясатты барынша көп пайда табуға ұмтылатын адамдардың рационалды қызметінің саласы ретінде қарастырады. *Әлеуметтанулық* –

экономистердің «анайылық» тәсілдерінен құтылу арқылы адамдардың саяси мінез-құлқына мәдени дәстүрлердің ықпалы нәтижесін көргісі келеді. Жетекші саясаттанушылар ретінде Г. Ласки, М. Оукшотт, Э. Берч, Р. Роуз, Т. Боттомор, К. Поппер саналады.

Француз саясаттану мектебі.

Франциядағы саяси ғылымдардың қалыптасуы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін орын алды. Сол кезеңдерде Ұлттық әкімшілік мектебі, Париж университеті жанында саяси зерттеулер институты ашылды. Саяси зерттеулердің Ұлттық қоры, кейінгі саяси зерттеулердің француз ассоциациясы 1951 жылдан бастап «Саяси ғылымдардың француз журналын» баспадан шығара бастады.

Француз саясаттанушылары зерттеулері арасындағы танымал тақырыптар қатарына енді: саяси партиялар, партиялық жүйелер қызметінің мәні мен заңдылықтары; саяси жүйелер мен саяси режимдердің типологиясы.

XX ғасырдың екінші жартысындағы танымал француз саясаттанушы ретінде **Морис Дюверже** (1917-2014) саналады. Ол 1961 жылы жарық көрген «Саяси партиялар» [16] атты еңбегінде мынадай талдаулар жүргізеді: партиялардың құрылымдық-қызметтік ерекшеліктері; партиялардың саяси институт ретіндегі қалыптасуы мен дамуы; партиялық, парламенттік және сайлау жүйелерінің өзара байланыстары. Сонымен бірге, ол саяси режимді саяси институттың жиынтығы ретінде қарастыратын теорияны әзірледі.

Саяси режим теориясын әзірлеуге философ, саясаттанушы, әлеуметтанушы, публицист **Реймон Клод Фердинанд Арон** (1905-1983) ерекше үлес қосты. Ол өзінің 1965 жылы жарық көрген «Демократия және тоталитаризм» [17] атты еңбегінде саяси режимнің екі нұсқасы бар жалғыз индустриалды қоғамның қалыптасуы жүріп жатқандығын айтады: батыс демократиясы және кеңес тоталитаризмі. Ол заманауи өркениеттің мейлінше жоғары қақтығысын индустриалды қоғам талаптары (орталықтану, иерархия, тәртіп) мен демократия ережелерінен (бостандық, теңдік) көрді.

Француз саясаттану мектебінде қоғамдық құбылыстарды талдаудың құрылымдық әдістемесі кеңінен таралды. Бұл тұста саяси антрополог **Клод Леви-Стросстың** (1908-2009) еңбегі орасан зор. «Құрылымдық антропология» (1958, 1973) [18] атты

еңбегінде К. Леви-Стросс структурализмнің негізгі қағидаларын ұсынады: мәдениетті зерттеу барысында нақты құбылыстарға назар аударумен қатар құрылымдық жағынан өзара байланыстарын анықтау қажет; мәдениет құбылысын реттілікке қарағанда бір мезгілдік өлшемде үйлесімділікке сәйкес зерттеу қажет; басымдылық субъектілерге емес, құрылымдарға беріледі.

60-70 жылдары Францияда постструктурализм идеялары қалыптаса бастады. Ағымның танымал өкілі ретінде **Мишель Фуко** (1926-1984) саналады. «Қадағалау және жазалау» (1975) [19] атты еңбегінде ол биліктің экзистенциялық көрінісі ретінде бағыныштылар үстемдік ететін субъектілерді мәжбүрлеу мен зорлық-зомбылық жасау деп дәйектейді.

Неміс саясаттану мектебі. Германиядағы заманауи саясаттану өзінің теориялық-философиялық сипатымен ерекшеленеді және саяси-әлеуметтанулық зерттеулермен ұштастырылады. Германдық саяси мектептің қуатты жағы мемлекет және оның қоғамдағы рөлі, бюрократияның орны мен рөлі және геосаяси зерттеулерді жан-жақты жүргізілуінде жатыр. Саяси ғылымдардың неміс мектебі төмендегідей бағыттар бойынша зерттеулер жүргізеді:

психоанализ және философиялық дәстүрлердің жаңғыруынан туындаған әдістерді қолдануға назар аударатын *саясат философиясын зерттеу* (Т. Адорно, Ю. Хабермас, Э. Фромм). Мәселен, **Юрген Хабермас** (1929 жылы туылған) 60-жылдардың басында жариялылық, жұртшылық ұғымдарын талдады. Ол зерттеген жұмыстар арасынан құқық пен демократияның өзара байланыстары туралы нәтижелерін ерекше атап өтуімізге болады. Оның пайымдауынша, ұлттық егемендік қоғам қалауымен жасалатын рационалды үрдіс болып табылады.

Эрих Фромм (1900-1980) XX ғасырдағы гуманистік ойлаудың дамуына біршама серпін берді. Ол алғашқылардың бірі болып тоталитарлық қоғам мәселелерін талдады. Нацизмды кездейсоқ ауытқу деп таныған

көптеген зерттеушілерге қарағанда, Э. Фромм тоталитаризмнің табандылығы мен жаңғыртылуын саяси тәжірибе мен ойлаудың түрі ретінде дәйектеді. Психоанализ тәсілдеріне сүйене отырып, ол тарихтың әлеуметтік сипаттағы түрлері мен тұлғаның өзін өзі шеттету мәселелерін белсенді түрде зерттеді.

Тоталитаризмнің әлеуметтік табиғаты, қайнар көзі, түрлері мен белгілерін талдау (Х. Арендт, К. Поппер). **Карл Раймунд Поппердің** (1902-1994) пікірінше, демократия мемлекеттік құрылыстың ең жақсы түрі болып табылады. Демократия – бұл бостандықты қорғаудың құралы. Оның пікірінше, мемлекет еркін қоғам үшін өмір сүруі қажет. «Ашық қоғам және оның жаулары» [20] атты еңбегінде ол Платон, Гегель және Маркстің тоталитаризмнің идеялық негізін қалыптастырудағы рөлін талдай келе, тоталитарлық режимді сынға алады.

Тоталитаризм теориясының негізін **Ханна Арендт** (1906-1975) қалады. Ол өзінің «Тоталитаризм бастаулары» [21] атты көлемді еңбегінде тоталитарлық режимдердің екі тарихи түрлері: коммунизм мен фашизмге мән береді. Мемлекеттік биліктің бұл түрлерінің дамуы белгіленген тарихи кезеңдерді қамтиды: біріншісі соғысқа дейінгі, екіншісі соғыс жылдары. Еңбектің алғашқы беттерінде антисемитизм, империализм және тоталитаризм бағыттары XX ғасырдың көріксіз туындысы ретінде айқындалады. Оның пікірінше, тоталитаризм осы заманның мазмұны мейлінше жаман, жазалау саяси тәжірибесіне негізделген мемлекеттік биліктің ең рақымсыз және қатал түрі.

Саяси қақтығыстар, оның саяси қатынастар саласында көрініс табу ерекшеліктерін зерттеу (Р. Дарендорф). Философ, әлеуметтанушы әрі саясаттанушы **Ральф Густав Дарендорф** (1929-2009) қақтығыстарға қатысушыларды былайша бөледі: ресурстарға үстемдік етушілер; үстемдік етуден тыс қалғандар. Қоғамды бөлетін қақтығыстардан шығудың жолын ол әлеуметтік тұтастықтан көреді.

Қорытынды. Саяси ойлар идеялық материалдары маңызды болып табылатын күрделі идеологиялық ықпалдастық жүйесінде қалыптасады және дамиды. Саяси теорияларда көрініс табатын ойлар әрдайым тарихи ахуалдарға, мәдениет, әлеуметтік-саяси психологияның даму дәрежесіне сәйкес келеді. Сондықтан саяси теорияларда зерттеушілердің идеялары халықтың дамуына ықпал етуімен қатар, өркениеттің ілгерілеуіне жол ашады.

XX ғасырдағы шетелдік саяси ой-пікірлер ұзақ даму жолдарынан өтті. Тұжырымдамалардың қалыптасуына өткен ғасыр ойшылдарының пікірлері ықпал еткендігі анық. Өз кезегінде өткен ғасырда қалыптасқан тұжырымдар заманауи саяси ғылымдардың дамуына септігін тигізеді.

Тақырып ауқымының кеңдігіне байланысты зерттеу жұмысында барлық негізгі мәселелер мен түсініктерді айқындау қиынға соғады. Өткен ғасырдағы саяси теориялар мен саяси ғылымдар өз әдістемесі мен нақты айқындалған мәселелері бар бірнеше мектептердің зерттеулері

нәтижесінде серпінді дамыған білім саласына айналды. Бұл кезеңді саяси ой-пікірлердің сапалық жағынан жоғары деңгейіне көтерілуімен қатар, заманауи саяси тәжірибенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағалаймыз.

XX ғасырдың саяси идеялары мен теорияларын қарастыру барысында саяси ғылымдар қоғамдық өмірдің теориялық қажеттіліктері мен заманауи идеологияның мәнін түсінуді талап ететін шынайы қажеттіліктермен тығыз байланысты екендігін айқындадық. Сондықтан, XX ғасырдағы саяси ғылымдардың жалпы көрінісін саясатты зерттеуге байланысты бағыттар, мәселелер жиынтығы, теориялар мен парадигмалардың әртүрлілігімен, әдіснамалық негіздерінің көптігімен сипаттауға болады. Батыс саясаттануының дамуы мемлекеттік саясат қажеттіліктері мен саяси үрдістер ерекшеліктері бойынша орын алатындығы байқалады. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде пайдалану арқылы өз тиімділігін әкелетіндігіне сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Bentley A. The Process of Government: A Study of Social Pressures. – 2nd edition. - Washington: Transaction Publishers, 1995. – 533 p. - ISBN 978-1560007784.
2. Bentley A. Relativity in Man and Society. – London: Octagon Books, 1968. – 365 p. – ISBN - 978-1127028191.
3. Bentley A. Behavior, Knowledge, Fact. - Bloomington, Indiana: The Principia Press, 1935. – 391 p. – ASIN - B00085V808.
4. Западнo-европейская социология XIX века. - М., 1996. – 352 с. - С. 190. - ISBN 5-89313-003-0.
5. Dahl R.A. Polyarchy: participation and opposition. - New Haven: Yale University Press, 1971. – 257 p.
6. Das Weltbürgertum in der Antike, «Die Antike», B.-Lpz., 1926, Bd 2, H. 3. - S. 178.
7. Будущее человеческого общества: (Критика современных буржуазных философских и социально-политических концепций). / Под ред. Е.Д. Модржинской и Ц.А. Степаняна. - Москва: Мысль, 1971. - 399 с. – С. 206-207.
8. Bell D. The Coming of Post-Industrial Society: A Venture in Social Forecasting. - New York: Basic Books, 1976. – 616 p. - ISBN-978-0465097135.
9. Machlup F. The Production and Distribution of Knowledge in the United States. – Princeton, New Jersey: Princeton University Press, 1962. – 401 p. – ISBN – 0-697-08608-7.
10. Masuda Y. The Information Society as Postindustrial Society. - Wash.: World Future Society, 1980. – 171 p. – ISBN – 0-930-24215-7.
11. Тоффлер Э. Шок будущего. - М.: АСТ, 2008. - 560 с. – ISBN – 978-5-17-010706-3.
12. Toffler A. The Eco-Spasm Report. – New York: Bantam Books, 1975. – 110 p. – ISBN – 0-553-14474-X.
13. Тоффлер Э. Третья волна. - М.: АСТ, 2010. - 784 с. – ISBN – 978-5-403-02493-8.
14. Morgenthau H. In Defense of the National Interest. – University Press of America, 1982. – 306 p. – ISBN – 978-0819128461.
15. Политология: хрестоматия. – М.: Гардарики, 2000. – 843 с. – С. 540-551. – ISBN – 5-8297-0016-67.
16. Дюверже М. Политические партии. – М.: Акад. проект, 2000. - 538 с. - ISBN 5-8291-0096-7.
17. Арон Р. Демократия и тоталитаризм / Пер. с фр. Г.И. Семенова. – М.: Текст, 1993. -303 с. – ISBN-978-5-87106-073-5.
18. Леви-Строс К. Структурная антропология / Пер. с фр. Вяч. Вс. Иванова. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. – 512 с.
19. Foucault M. Surveiller et punir: Naissance de la prison. - Paris: Gallimard, 1993. - 360 p. – ISBN – 978-2070729685.
20. Поппер К. Открытое общество и его враги. – М.: Феникс, 1992. – Т. 1.: Чары Платона. – 448 с. – ISBN – 5-85042-064-9; Т. 2.: Время лжепророков: Гегель, Маркс и другие оракулы. – 528 с..
21. Арендт Х. Истоки тоталитаризма. – М.: ЦентрКом, 1996. - 672 с. - ISBN 5-87129-006-X.